

## Қобда аудандық Қоғамдық Кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ

Қобда ауылы

№3

2023 жылғы 18 сәуір  
сағ 15:00

**Өткізілген орны:** Аудан әкімі аппаратының кіші мәжіліс залы

**Қатысушылар:** Баяндамашылар, кеңес мүшелері, БАҚ өкілі

### Күн тәртібінде:

1. Ана мен бала денсаулығы, ауданда міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің жүзеге асырылу барысы мен нәтижелері, есепте тұрған азаматтарға тегін берілетін дәрі-дәрмектер туралы, аудандық аурухананың көрсететін қызмет сапасы туралы

**Баяндамашы:**

**Қапашев Мақсат Байранбайұлы** – аудандық аурухананың бас дәрігері.

2. Ауданда ауыл шаруашылығы саласын дамыту, «Ауыл аманаты» пилоттық жобасын жүзеге асыру, шөп шабу науқаны туралы

**Баяндамашы:**

**Түктібаев Бағдәулет Нүртілеуұлы** – аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.

**Қосымша баяндамашылар:**

**Тукушева Жанна Қабдрахманқызы** – Бегалы ауылдық округінің әкімі

**Тасмағамбетов Айбек Нұрланұлы** – Талдысай ауылдық округінің әкімі

### Тыңдалды:

**Баяндамашылар:**

1. Аудандық аурухананың бас дәрігері Қапашев Мақсат Байранбайұлы (баяндама қосымша тіркелді)

2. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Түктібаев Бағдәулет Нүртілеуұлы (баяндама қосымша тіркелді)

**Қосымша баяндамашылар:**

Бегалы ауылдық округінің әкімі Тукушева Жанна Қабдрахманқызы (баяндама қосымша тіркелді)

Талдысай ауылдық округінің әкімі Тасмағамбетов Айбек Нұрланұлы (баяндама қосымша тіркелді)

**1-сұрақ бойынша:**

*Кеңес төрағасы Ж. Жиеналин:*

- Жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) қай жерден ашылу жоспарлануда?

*Аудандық аурухананың бас дәрігері М. Қапашев:*

- Бізде 18 медициналық пункт, 2 ФАП, 6 дәрігерлік амбулатория бар. Олардың барлығы дәрігерлермен қамтамасыз етілген, тек үш ауылда медбикелер жоқ, мәселенің шешу жолын қарастырудамыз.

*Кеңес мүшесі Н.Қ. Кереймағанбетов:*

- Наурыз айында 2734 тұрғын сақтандырылмаған, оның 18,4% жұмыссыздар, ал қалғанын қалай шешесіздер?

*Аудандық аурухананың бас дәрігері М. Қапашев:*

- Қалғандары өзін-өзі қамтушылар санатынан. Осы жерде айта кететін ұсыныс міндетті медициналық сақтандыру жұмыстары бойынша сіздердің де көмектеріңіз қажет.

*Кеңес мүшесі А.К. Темірбай:*

- Мысалы, бір көршіміз скрининг өтпекші болып ауруханаға барады, өзі жұмыссыз, яғни кірісі жоқ тұрғын. Тіркеу бөлімінде отырған медперсоналдар талап қояды екен 2023 жылғы 3 айға міндетті сақтандыру полисін төлеу керек деп. 2023 жылға төлеп барса, енді 2022 жылға төлеуіңіз керек деп тағы да талап қойылған. Ол өзі жұмыссыз адам қалай төлейді? Бұл талап қаншалықты дұрыс? Заң жүзіндегі талап па немесе жергілікті аурухананың ойлап тапқаны ма?

*Аудандық аурухананың бас дәрігері М. Қапашев:*

- Бізде бағдарлама көрсетіп тұрады, қазіргі таңда мысалы бір жылға 36 000 (отыз алты мың) теңге төлеп қою керек. Сонда ол өз өзін сақтандырған болып есептеледі. Жұмыста жоқ адам болса, жұмыспен қамту бөліміне барып, жұмыссыз ретінде тіркелуі тиіс. Сонда мемлекет тарапынан сақтандырылады. Егер де түсінбеген сұрақтар болса, жеке қабылдауыма келсе қабылдауға дайынмын.

*Кеңес мүшесі А.С. Қабылов:*

- Баяндамаңызда алғашқы 3 ай ішінде бір сәби туылғаннан кейін 3 сағат ішінде шетінеп кетті делінген. Ана мен бала өмірін аман алып қалу үшін медперсоналмен қандай жұмыстар жүргізудесіз?

*Аудандық аурухананың бас дәрігері М. Қапашев:*

- Былтыр бізде жыл бойына 4 бала қайтыс болды. Яғни әр түрлі даму ақауы бар, өмірге қабілеті жоқ балалар болды. Биыл I жартыжылдықта 1 бала шетінеп отыр. Бұл жағдай Сарбұлақ ауылында тіркелді. Анасы барлық тексеруден уақытылы өткен, есепке уақытылы алынған. Алайда күтінбеген. Сол әсер еткен деп тұжырым жасадық, яғни 29 апталығында уақыты жетпей босанып тұр. Бұл азаматшаның отбасылық жағдайы орташа деңгейде. Тәжірибеде көпшілігі жүктілікті жоспарламайды, соның салдарынан өкінішке орай бала шетінеп кету фактісі тіркелетіні жасырын емес. Бірақ дәрігерлер ата-аналарға нәрестені

дүниеге әкелмес бұрын скринингтен өтіп, денсаулық жағдайына мән беруді үнемі түсіндіріп отырады.

## **2-сұрақ бойынша:**

*Кеңес мүшесі А.С. Қабылов:*

- Әлия ауылында «Ауыл аманаты» жобасы бойынша тауарлы несие ретінде алынған ірі қараларды 2 жеке қосалқы шаруашылық иелері табынға қосып жіберді. Асылдану жұмысы осы жерде үзіледі деген сөз. Бұл алдағы уақытта тауарлы несие беруші шаруашылық пен тауарлы несие алған адамның арасында дау туындатпайды ма?

*Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Түктібаев:*

- Асыл тұқымды ірі қараны ауыл тұрғындарының табынына қоспау жөнінде нақты талап жоқ, бірақ ангус тұқымды ірі қараларын табынға қоспаған 1 жеке қосалқы шаруашылық иесіне 10 күн ішінде табиғи немесе жасанды түрде асылдандыру бойынша сұрағын шешіп береміз.

*Кеңес мүшесі А.С. Қабылов:*

- Көктемгі далалық жұмыстарға арзандатылған бағадағы жанар жағармайға сұраныс берген екенсіздер. Бұл көктемгі жұмыстарға ғана ғой, ал жаз мезгілінде мал азығының бағасы күрт өсіп кетпейді ме? Өйткені дизель отынының бағасы қымбаттап жатыр, бір-біріне әсер етуі мүмкін ғой...

*Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Түктібаев:*

- Бізге көктемгі далалық жұмыстарға қажеттілік 380 тонна, біз осы дизель отынының қымбаттайтынын ескеріп, қысқы мал азығының бағасының өсуіне жол бермеу мақсатында қажеттілікті 680 тонна деп көрсетіп отырмыз.

*Кеңес мүшесі А.С. Қабылов:*

- Ауданымызда бау-бақша өнімдерімен айналысатын шаруашылықтар жетерлік. Табиғи түрде ауданымызда шыққан, арзандатылған бағадағы бау-бақша өнімдерін аудандағы кәсіпкерлерге делдалсыз жеткізу мәселесін ұйымдастыруды ұсынамын!

*Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Түктібаев:*

- Ешкім алмайды. Айтуымыздың кемі жоқ.

*Кеңес мүшесі А.С. Қабылов:*

- Осы ауданымыздағы қызығушылық танытқан дүкен иелерін жинап, сол бау-бақша егетін шаруашылықтара апарсақ, бәлкім көзқарас өзгерер. Бұл жағдайда бау-бақша еккен шаруашылық та, дүкен иелері де ұтылмайды, арзандатылған бағада ұсынылған соң халық та дән риза болар еді...

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Түктібаев:

- Айтуыңыз орынды. Ұйымдастырамыз!

Кеңес төрағасы Ж. Жиеналин:

- Құрметті ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары, жиынға қатысушылар, барлықтарыңызға қатысқандарыңызға рақмет. Халықтан түсіп жатқан ұсыныстарыңыз болып жатса, ашық айтыңыздар, Қоғамдық кеңесте талқылайық!

### Қобда аудандық Қоғамдық Кеңесінің ҰСЫНЫСЫ:

1. Аудандық Қоғамдық Кеңес отырысындағы баяндамашылардың ақпараттары назарға алынсын.

2. Аудандық аурухана ұжымына аудандағы жұмыссыз, өзін-өзі қамтушы тұрғындарға міндетті медициналық сақтандырудың мүмкіндіктері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жүйелі түрде жүргізу;

3. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша тауарлы несиенен «Ангус» тұқымды ірі қара алған Әлия ауылындағы жеке қосалқы шаруашылық иелеріне табиғи немесе жасанды түрмен малдарын асылдандыру мәселесін шешуді ұйымдастыру;

4. Аудандық ауылшаруашылығы бөлімі мен аудандық кәсіпкерлік бөліміне бау-бақша егетін шаруашылықтар мен дүкен иелері арасында тұрғындарға арзандатылған бағадағы бау-бақша өнімін делдалсыз жеткізуді жүзеге асыру үшін меморандумдарға қол қоюды ұйымдастыру;

5. Талдысай, Бесқұдық ауылдық округ әкімдеріне «Ауыл аманаты» бойынша нақты кейіпкерлерді бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде насихаттау;

6. Аудандық ауылшаруашылық бөлімі қысқы мал азығының бағасының өсуіне жол бермеу мақсатында көктемгі далалық жұмыстарына арналған дизель отынына қажеттіліктен артық қалатын 300 тонна көлеміндегі жанар жағармайды қажеттілігі бойынша тиісті шаруашылықтарға бөлуді ұйымдастыру.

7. Хаттамадағы ұсынымдық сипаттағы тапсырмалардың орындалуы/ұйымдастырылуы жөнінде тиісті мекеме басшылары аудандық Қоғамдық Кеңеске [kobdavp@mail.ru](mailto:kobdavp@mail.ru) электронды мекенжайына 2023 жылдың 1 мамырына дейін жолдасын.

Қоғамдық Кеңес төрағасы



Ж. Жиеналин

Хатшы



А. Қабақбаева

